

"Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 402 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қаңтарда № 2971 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 136 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 16.05.2016 № 136 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Б.Жылқышиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Б.Оспанов

Б.Жылқышиев

Е.Айтаханов

С.Қаныбеков

Е.Садыр

С.Тұяқбаев

А.Мырзахметов

"Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі мен әкімдігінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, облыс әкімі және әкімдігі атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт тұрғын үй алабы, Астана даңғылы, 10-кұрылыс, пошталық индексі 160023.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 09.09.2015 № 267 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы:

"Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі мен әкімдігінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, аудан және қала әкімдері мен әкімдіктерінің, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

1) облыс әкімі және әкімдігінің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;

2) облыс әкімі және әкімдігінің қызметін құқықтық қамтамасыз ету;

3) облыс әкімі және әкімдігінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

16. Функциялары:

Мына:

1) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастар;

2) облыс шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз

ететін реттеу, іске асыру және (немесе) бақылау функцияларын жүзеге асыру;

3) атқарушылық биліктің мемлекеттік саясатын облысты дамыту мүдделерімен және қажеттіліктерімен үйлесімдікте жүргізуді қамтамасыз ету;

4) тиісті адамдарды мемлекеттік наградалармен марапаттау, оларға құрметті және өзге де атақтар беру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізу;

5) облыстық мәслихатқа "Облыстың құрметті азаматы" атағын беруге ұсыныс енгізу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымды адамдарды қызметіне тағайындау және қызметінен босату;

7) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларына, сондай-ақ аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану;

8) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктер мен әкімдер жұмысын үйлестіру;

9) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымдары негізінде қалыптастырылған облыстың басқару схемасын облыстық мәслихаттың бекітуіне енгізу;

11) Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы, әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы заңнамасының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

12) кәсіпорындарды, кен орындарын және мемлекеттік меншіктің басқа да объектілерін жекешелендіру, жалға беру, сату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен тең дәрежеде келісім-шарттарға қол қоюға, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауға қатысу;

13) төмен тұрған әкімдердің қызметін бақылауды жүзеге асыру;

14) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету;

15) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді, облысты дамыту бағдарламасын мәслихаттың бекітуіне ұсыну және оның орындалуын қамтамасыз ету;

16) атқарушы биліктің мемлекеттік саясатын облысты дамыту мүдделері және қажеттіліктерімен үйлесімдікте жүргізуді қамтамасыз ету;

17) жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді және облыс аумағындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық

актілерді қабылдау;

18) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда облыс аумағының шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

19) облыстық коммуналдық меншікті басқару, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

20) азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

21) облыстың аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдай жасау;

22) аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

23) Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

25) табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу, табиғат пайдалануды реттеу;

26) облыстық маңызы бар жолдарды салуды, ұтымды пайдалануды және күтіп ұстауды қамтамасыз ету;

27) ұлттық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету;

28) облыстың аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

29) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

30) денсаулық сақтау саласындағы іс-шараларды және белгіленген ұлттық стандарттарды сақтай отырып, азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету;

31) азаматтардың тегін білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету;

32) халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру;

33) тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, халықтың тарихи, ұлттық және мәдени салт-дәстүрлерін өркендетуге, дене шынықтыру мен спортты дамытуға жәрдемдесу;

34) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және дамыту үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әкімдіктерінің, қаладағы аудандар әкімдерінің жұмысын үйлестіру;

35) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын мәселелер

бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерін тарта отырып, ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша консультациялық-кеңесші органдар құру;

36) мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар құру, облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиті және нормативтері шегінде белгілеу;

37) "Облыстың құрметті азаматы" атағын беру ережесінің жобасын облыстық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

38) терроризмге қарсы комиссиялар арқылы облыстың аумағында терроризм профилактикасы, сондай-ақ терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

39) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың профилактикасына, сондай-ақ облыс аумағында олардың зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатысу;

40) облыстық ассамблеяның ұйымдық құрылымын онда өңірдің ұлттық, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық мүдделерін білдіру қажеттігін ескере отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығымен келісім бойынша айқындау;

40-1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, сондай-ақ ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

40-2) жергілікті атқарушы орган қызметінің бағыттарын ескере отырып, "электрондық үкіметтің" архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың сақталуын және "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасының ендірілуін қамтамасыз ету;

40-3) мемлекеттік органдардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарын және ақпараттық жүйелерін құру және дамыту;

40-4) жергілікті атқарушы органдардың электрондық ақпараттық ресурстарының толықтырылуын жүзеге асыру, олардың анықтығын және жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету;

40-5) облыстардың "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасы негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және сарапшылық кеңеспен келісу бойынша мемлекеттік органның архитектурасын бекіту және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;

40-6) "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерін тіркеуді, мемлекеттік органның ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алуды, мемлекеттік органдардың

ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыруды, сондай-ақ мемлекеттік органның ақпараттандыру объектілері туралы ақпараттың жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету;

40-7) өз интернет-ресурстарында мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру мен ақпараттық жүйелерін дамыту жоспарлары және нәтижелері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастыру;

40-8) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (болған кезде) және лицензиялық бағдарламалық қамтылымының баптау кешенін есепке алу және сақтау үшін "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторына беруді қамтамасыз ету;

40-9) техникалық құжаттаманың қағаз жеткізгіштердегі түпнұсқаларын сақтауды қамтамасыз етеді және оларды "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторына оның сұрау салуы бойынша ұсыну;

40-10) ақпараттық жүйелерді құру немесе дамыту кезінде стандартты шешімдерді пайдалануды жүзеге асыру;

40-11) мемлекеттік органдардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарына және ақпараттық жүйелеріне жеке және заңды тұлғалардың қоғамдық қол жеткізу пункттерін, оның ішінде осы қол жеткізуді ұйымдастыру үшін тұрғын емес үй-жайларды бөлу жолымен ұйымдастыру;

40-12) цифрлық сауаттылықты арттыру үшін жағдай жасау;

40-13) ашық деректердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ашық деректерді орналастыру;

40-14) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында интернет-ресурстарды орналастыру, сондай-ақ олардың анықтығын және жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету;

40-15) уәкілетті органмен келісу бойынша ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту;

40-16) ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің каталогына сәйкес оператордан ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру мәселелері бойынша облыс әкімінің және әкімдігінің қызметін қамтамасыз ету.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 05.02.2016 № 32 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, аудан және қала әкімдерінен қажетті ақпаратты сұратуға және алуға, сондай-ақ өз құзыры шегінде оларға орындалуы міндетті тапсырмалар беруге;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері мен тапсырмаларының, облыс әкімдігі қаулыларының, облыс әкімі шешімдері мен өкімдерінің, облыс әкімі және оның орынбасарлары тапсырмаларының орындалуына талдау жүргізуге, анықталған заң бұзушылықтарды, оларды орындамау себептері мен жағдайларын жою жөнінен шаралар қабылдауға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың билігіндегі ақпараттық деректер жиынтығын пайдалануға;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік көлік құралдарын, байланыс және коммуникациялар жүйелерін пайдалануға;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен облыс әкімдігі мен әкімі қарайтын мәселелерді дайындауға және шешуге қатысуға аппараттың, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың қызметкерлерін, кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерін тартуға.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме басшысы жүзеге асырады.

19. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысын қолданыстағы заңнамаларға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;

2) өз құзыреті шегінде "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің

құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

4) "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіндегі "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

5) "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

6) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, оларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

8) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы және өкілді органдары қабылдаған шешімдердің орындалу барысын бақылайды;

11) "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;

12) заңнамамен белгіленген жағдайлар мен шектерде "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкіне билік етеді;

13) шарттар жасасады және сенімхаттар береді;

14) банктік шоттар ашады;

15) бұйрықтар шығарады және "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындаулары үшін міндетті нұсқаулар береді;

16) мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеуге басшылық жасайды;

17) "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің азаматтық қызметшілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылдау, босату, оларға қатысты тәртіптік жаза белгілеу және көтермелеу жөнінде бұйрықтар шығарады;

18) Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

Ескерту. 21-тармақ жана редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 28.12.2015 № 439 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аппарат басшысы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

"Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі аппаратының "Мамандандырылған базасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының "Қоғамдық келісім" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.